



ХҒТАР 39.15.19

А.Е. Молдағалиева<sup>1</sup>, А.А. Асылбекова<sup>2</sup>,  
С.Ғ. Төребек<sup>3</sup>, А.С. Бейсембинова<sup>4</sup>, З.Е. Намазбаева<sup>5</sup>

<sup>1,2,3,4</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

<sup>5</sup> Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

(Email: <sup>2</sup>assylbekova.aizhan@gmail.com, <sup>3</sup>torebek\_s@mail.ru, <sup>4</sup>beyssem\_ab@mail.ru, <sup>5</sup>namazbaeva@gmail.com)

\*Байланыс үшін автор: [!moldagal@gmail.com](mailto:moldagal@gmail.com)

## Ұлы жібек жолының қазақстандық бөлігінің мәдени-тарихи мұра нысандарының реестрін құрудың өзектілігі

*Аңдатпа.* Орта ғасырлардағы тарихи ірі магистраль болған Ұлы жібек жолы бүгінде заманауи зерттеулердің тақырыбына айналып отыр. Ұлы жібек жолы бойындағы тарихи-мәдени ескерткіштер ежелгі замандардан бастап, бүгінге дейін Қазақстан жері үшін өз маңызын жоғалтқан емес. Ұлы жібек жолының қазақстандық бөлігінде қоғамның мәдени, рухани және туристік дамуында маңызды рөл атқаратын мәдени-тарихи мұра объектілерінің саны мен алуан түрлілігі бар. Дегенмен, әлі күнге дейін Қазақ жеріндегі Ұлы жібек жолы туралы жүйелі ақпарат жоқ деп есептеуге болады. Мақалада Қазақстан Республикасы аймағындағы Ұлы жібек жолы тарихи магистралі бойындағы мәдени-тарихи нысандар реестрін құру өзектілігі мен қажеттілігі баяндалады. Мәдени-тарихи мұра нысандары еліміздің қазірге дейінгі туристік даму жолындағы маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылып келеді. Ұлы жібек жолының бойындағы ежелгі қалалар мен орындар қазіргі таңда жүйеленген ақпаратты қажет ететін нысандар жиынтығы деп санауға толық негіз бар.

*Түйін сөздер:* Ұлы жібек жолы, реестр, мәдени-тарихи нысан, туризм, туристік мұра.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6771-2022-141-4-42-54>

### Кіріспе

Көне заман өркениеттерінің керемет жетістіктерінің бірі саналатын Ұлы жібек жолы - адамзат тарихында алғаш рет Қытай мен Жерорта теңізіне, одан ары Тынық мұхитына дейінгі үлкен кеңістікті ала отырып, әртүрлі елдер мен халықтарды байланыстырды, олардың материалдық, көркемдік және рухани мәдениеттерінің алмасуының себепшісі болды. Археолог ғалым К.М. Байпақов Ұлы жібек жолының ірі орталықтарын келесі пікірмен суреттейді: «Ұлы жібек жолы – Қытайдан Жерорта теңізіне дейін Еуразия жерін бойлай өтіп жатқан керуен жолдарының тоғысқан торабы» [1].

Ұлы жібек жолы материалдық құндылықтар мен сауда алмасуға, сондай-ақ қолөнерді дамытуға, жаңа қоныстар құруға және бүкіл мәдени жүйелердің өзара әрекеттесуіне ықпал етті. Ұлы жібек жолының мәселелерін зерделеу Қазақстан үшін де, тұтастай алғанда халықаралық қатынастарды дамыту үшін кең ауқымды экономикалық перспективаларды жүзеге асыруға көмектеседі.

Бүгінгі таңда Қазақстанның оңтүстік аймақтары әртүрлі салалар мен байланыстарда маңызды рөл атқарады. Ұлы жібек жолы өзі бойлай өткен көптеген аумақтарға өзіндік ерекшелік беруге зор үлес қосты. Осы жағдайда Қазақстан Республикасының дамуы сол ежелгі сауда жолдары мен өмір салты, мәдениетіне дейін байқалатын ерекшеліктерді сақтап келеді [2,3,4,5].

## Зерттеу нысаны

Еуразия мәдениеттерінің өзара алмасуын дамытудағы маңыздылығы Ұлы жібек жолының қозғалысы барысында қалыптасқан жолдар желісімен біріктірілген елдер мен халықтар тарихындағы рөлі арқылы айқындалады. Мәдениеттің, табиғаттың және тарихи процестің бұл күрделі ажырамас байланыстары адамның әртүрлі табиғи жағдайларға бейімделу жолдарын ғана емес, мәдениеттерді өзара байыту әрекетін де көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты Ұлы жібек жолының Қазақстандық бөлігінің мәдени-тарихи мұра нысандары туралы ақпарат жинау және сол мәліметтер негізінде аталған нысандардың бірыңғай, жүйеленген реестрін құру мен оның өзектілігін айқындау секілді бірнеше қадамдарды қамтиды.

Зерттеудің әдістемелік базасы келесі әдістерді қамтиды: ақпаратты талдау әдісі, тарихи әдіс, сипаттау әдісі, картографиялық әдіс, дедукция әдісі. Жүйелік-құрылымдық парадигма аясында Ұлы жібек жолындағы мәдени-тарихи нысандар Қазақстан үшін әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи және туризмнің дамуы тұрғысынан тиімді даму бағыты ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған жылдардан кейін болып жатқан экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістер мемлекет пен қоғамға сондай-ақ, тарихи - мәдени мұраға қатысты сапалы өзгерістерге алып келді. Тарихи-мәдени мұра қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына ықпал ететін рухани-адамгершілік тәрбие үшін маңызды рөл атқарады. Қоғамда рухани-адамгершілік құндылықтарды тұрақты негізде дәріптеу қажет [3].

Зерттеу жұмысын жазуға К.М.Байпаков, Е.А.Смагулов, Т.В.Савельева, С.Л.Волин, С.Г.Кляшторный, В.В.Бартольд, Б.Н.Нурмуханбетов, О.Г.Большаков, В.Б.Базаржапов, И.Э.Мартыненконың жазған ғылыми еңбектері мен зерттеу нәтижелері қолданылды.

## Нәтижелер

Жібек жолы ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңде Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени, әлеуметтік және саяси өзара іс-қимылды жетілдіріп адам қызметінің, тауарлардың және ақпараттың таралуы мен жинақталуының тарихи процестерінің дәл көрінісі болып саналады. Осы аталған үрдістерді өз бойына сіңірген Орталық Азияның мемлекеттерінде Жібек жолының жаппай сақталған мәдени-тарихи мұрасына ерекше назар аудару қажет.

Зерттеу жұмысының нәтижесі өзіне картографиялық деректерді, географиялық деректерді, нысандардың тарихи-мәдени сипаттамасын, тарихи анықтаманы, осы орындардың сәулеті, мәдениеті, фольклоры, этнографиясы, топонимикасы туралы мәліметтерді біріктіре алатын үлкен ақпараттық мәліметтер базасы – Ұлы жібек жолының қазақстандық бөлігінің мәдени-тарихи мұра нысандарының реестрі құру жолдарын қамтиды [4,6].

Қазақстан аумағында Ұлы жібек жолы Қытай шекарасынан бастау алады. Ұлы жібек жолының негізгі тармақтарының бірі Қазақстанның оңтүстік аймақтары арқылы өткені белгілі. Батысқа қарай бағыт алған сауда керуендері қытай шекарасынан өтіп, Қазақстанның Сайрам, Ясы, Отырар, Тараз қалалары арқылы Орталық Азияға, Персияға, Кавказға және сол жерден Еуропаға қарай жылжып отырған.

Бұл ежелгі қалалардың барлығы дерлік үлкен қазақ Даласын еңсерген Жібек жолы бойындағы керуен-сарайларға айналған аялдамалардың және уақыт өте келе қалаларға айналған елді мекендердің арқасында пайда болған. Бұл аймақтың жаңдануы VI ғасырдың екінші жартысында, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерлері Солтүстік Шығыс Қытай аймағынан Қара теңізге дейінгі жерді алып жатқан орасан зор көшпелі империя Түрік қағанатының құрамына енген кезден басталады (сурет 1) [11].



Сурет 1. Түрік қағанаты кезіндегі Ұлы жібек жолы [11]

Жібек жолы бойлай өткен мемлекеттер арасында Қазақстан ежелгі мәдениеттер мұрасын дәріптеп, соңғы уақытта баса назар аударып бастаған елдердің бірі. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі мемлекеттің ғасырлар бойғы дәстүрлерді сақтау және дамыту, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашу, ежелгі қала орындарын, кесенелерді, көне мешіттерді қалпына келтіру, жаңа тарихи-мәдени мұражай-қорықтар құру, Қазақстан Халықтарының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар мұрағаттық құжаттарды анықтау бойынша қабылдайтын шаралар кешенімен сипатталады.

Қазақстан Республикасы халқының мәдени мұрасы мемлекеттік маңызы бар нысандар ретінде саналады. Оларды өзге мемлекеттерге беру құқығы жоқ, тек Қазақстан Республикасына ғана тиесілі мәдени құндылықтардың жиынтығын сипаттайды (сурет 2) [7].

Тарихи-мәдени ескерткіштерге, нысандарға тән ортақ белгісі – ол ақпараттылық. Яғни, осы типтегі ескерткіштер мен нысандар өзінің пайда болуы кезіндегі өткен оқиғалар мен тарихи құбылыстар жайлы шынайы тарихи-мәдени ақпаратты сақтап және бере алуы қажет.




Сурет 2. Қазақстан Республикасындағы мәдени құндылықтардың жиынтығы (Ескерту – сызба дереккөз негізінде құрастырылды [7])

Бүгінгі күні тарихи-мәдени мұра объектілерін қоғам ескерткіш ретінде қабылдайды. Дегенмен, бұл объектілер тарихи-мәдени мақсатта пайдаланылмаса да, олар сол ортада болу фактісімен адамдардың дүниетанымына әсер етеді. Сондықтан тарихи-мәдени мұра объектілері кез-келген жағдайда белгілі бір әлеуметтік функцияларды орындайды [8].

Тарихи-мәдени мұра объектілері мемлекеттік заңнамада белгіленген тәртіппен қорғауға алынуы мүмкін және көптеген дамыған әлем елдерінде мұндай объектілер бірыңғай реестрге енгізіліп жатады. Реестр сөзі жалпы мағынада жүйелеу, есепке алу, тізім деген ұғымдарды білдіреді және зерттеу тақырыбы аясында тарихи-мәдени мұра объектілері туралы мәліметтер жүйесін қамтитын ақпараттық ресурс ретінде түсініледі. Мұндай жүйелеу түрін әлемдік тәжірибеде халықаралық ұйымдар, сондай-ақ жекелеген мемлекеттер кеңінен қолданады [15].

Мысал ретінде 1975 жылы күшіне енген «Дүниежүзілік мұра нысаны» Конвенциясын алуымызға болады. Дүниежүзілік мұра нысаны – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) басқаратын халықаралық конвенциямен қорғалатын нысан немесе аумақ. Аталған халықаралық келісім бойынша дүниежүзіндегі тарихи-мәдени сипатқа ие ең маңызды нысандар жүйеленіп, әрбір нысанға ол жайлы егжей-тегжейлі мәліметтер енгізілетін сайттар ашылады. Дүниежүзілік мұра объектісі ретінде есептеліп, оған сайт берілуі үшін нысан географиялық және тарихи тұрғыдан анықталуы мүмкін және белгілі бір тарихи-мәдени немесе физикалық мәнге ие бірегей ескерткіш болуы тиіс. Дүниежүзілік мұра нысандары ежелгі қирандылар немесе тарихи ғимараттар, ежелгі қалалар, шөлдер, ормандар, аралдар, көлдер, ескерткіштер, таулар болуы мүмкін. 2020 жылғы жағдай бойынша 167 елде барлығы 1121 Дүниежүзілік мұра нысандары бар, олардың ішінде 869 тарихи-мәдени, 213 табиғи және 39 аралас нысандар. Ең көп сайттары бар Қытай, Италия және Испания мемлекеттері болып табылады (сурет 3) [16].



Сурет 3. 2020 жыл бойынша саны жағынан көп Дүниежүзілік мұра нысандары бар елдер [16]

Тағы бір тарихи-мәдени мұра аясында қарастырылатын халықаралық келісімге «Еуропалық мұра белгісін» жатқызуға болады. Еуропалық мұра белгісі – Еуропалық Одақтың ғимараттарға, құжаттарға, мұражайларға, мұрағаттарға, ескерткіштерге немесе заманауи Еуропаны құрудағы маңызды кезең деп саналатын оқиғаларға беретін тану. 2011 жылы құрылған бұл бағдарламаны Еуропалық комиссия басқарады.

Жеке мемлекеттер деңгейінде тізілім жүйесін салыстырмалы түрде ертерек енгізген АҚШ және Канада мемлекеттерін атап көрсетуге болады. Тарихи-мәдени мұра объектілерін жүйелендіріп, реестрге тіркеу үшін мемлекеттер жеткілікті тарихи-мәдени мұралық құндылығы бар деп саналатын табиғи және жасанды, материалдық және материалдық емес, жылжымалы немесе жылжымайтын мәдени құндылықтардың тізімдемелері көрсетіледі.


«Тарихи орындардың ұлттық реестрі» – бұл 1966 жылы құрылған АҚШ мемлекетіндегі тарихи маңыздылығына байланысты сақтауға лайық деп саналатын тарихи аумақтардың, орындардың, ғимараттардың, мәдени құрылыстардың және нысандардың ресми тізімі. Белгілі бір нысан ұлттық реестрге ену құқығына ие болуы үшін ол төрт негізгі критерийдің кем дегенде біреуіне сай болуы керек [14]. Архитектуралық стильдер туралы ақпарат, әлеуметтік тарихтың әртүрлі аспектілерін көрсетуі деген секілді мәліметтер номинацияның ажырамас бөлігі болып табылады. Әрбір номинацияда мүліктің егжей-тегжейлі физикалық сипаттамасын беретін және оның жергілікті, штат немесе ұлттық тарих тұрғысынан тарихи маңызы бар екенін түсіндіретін сипаттама бөлімі бар [21].

### Талқылаулар

Орталық Азия өңірінің алуан түрлі мәдени мұрасын ұсыну тұрғысынан ең перспективалы және кешенді болып табылатын «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинациясы 2014 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра комитетінің 38-ші сессиясы барысында қабылданды. Номинацияның мақсаты ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне Орталық Азия елдеріндегі Ұлы жібек жолының тарихи-мәдени нысандарын енгізу жолдарын қарастыру болды [9].

Жібек жолы бойындағы сауда орталықтары ең алдымен қолайлы климаттық және стратегиялық тұрғыда тиімді географиялық аймақтарда орналасқан орталықтар болды. «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинациясы аясында Қазақстан Республикасының аумағында Жібек жолының бірнеше негізгі аймақтары бөліп қарастырылды. Оларға Жетісу, Сырдария, Маңғышлақ аймақтары жатады [12].

Аталған аймақтардың әрқайсысы Ұлы жібек жолының осы өңірлерде орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерін қалыптастыру тұрғысынан белгілі бір деңгейді ұстап қалған аумақтар болып табылады. Сондай-ақ, бұл аймақтар табиғи-географиялық жағдайлардың және мәдениеттің, оның ішінде қалалық мәдениеттің тарихи дамуының өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Қазақстан аумағындағы Ұлы жібек жолының Жетісу тармағы өзімен аттас аталатын тарихи-географиялық аймақтың шекараларымен белгіленген (сурет 4) [1,17].



Сурет 4. Қазақстан аумағындағы Жібек жолының Жетісу аймағында ежелгі қалалардың орналасуы [1]

Антоновка қалашығы - ортағасырлық Каялық. Қала туралы мәлімет XI - XIII ғасырлардың басындағы деректерде кездеседі. XIII ғасырдың ортасында қалаға аяқ басқан француз елшісі Гильом де Рубрук қаланы «ірі сауда орталығы» деп сипаттайды. Қалашық 2004 жылдан бастап «Қазақстанның мәдени мұрасы» тізіміне енгізілген.

Талғар қалашығы - ортағасырлық Талхир. Талғар қаласы IX ғасырдың аяғындағы «Худуд әл-Алам» атты белгісіз автордың парсы географиялық жазбасында айтылған Талхирге сәйкес келеді. Ол жазбада қаланы «оның тұрғындары жауынгер, батыл және ержүрек» – деп суреттеген. Қазба жұмыстары шамамен 50 жылға жуық уақыт жүргізіліп келген қалашық «Қазақстанның мәдени мұрасы» бағдарламасы аясында тізімге кірді [15].

Құлан қаласы алғаш рет VII-XIII ғасырдағы деректерде кездеседі. Ұлы жібек жолы бойында орналасқан қалаларды сипаттап жазатын Араб географы Абу Шама әл-Мақдиси Құлан қаласын «бекіністі қала» ретінде сипаттайды.

Келесі тармақ өтетеін Сырдария аймағы Шу, Сырдария, Арыс, Бөген секілді қазіргі дала, шөл және шөлейт зоналарында жақсы сақталған ірі су айдындарының маңындағы оазистер мен қалалардың мәдени ландшафттарының археологиялық қалдықтарымен белгілі (сурет 5).





Сурет 5. Қазақстан аумағындағы Жібек жолының Сырдария аймағында ежелгі қалалардың орналасуы [1]


Түркістан, ежелгі Яссы, қалашығының бастауы біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтың басына жатады. Яссы ірі сауда, сонымен қатар үлкен егіншілік ауданының орталығы болды. Бүгінгі таңда жинақталған деректер арқылы қазіргі Түркістан Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі болып табылады деп санауға әбден болады.

Сауран қалашығы Қазақстанның ортағасырлық мәдениеті бірегей қала және жерді қолдан суландырудың ірі орталағы болып табылады. Сауран қалашығындағы қазба жұмыстары кезінде қала ішіндегі екі мешітті, қала сыртындағы намазгох мешітін, ханака медресесін және бекіністердің қызықты жүйелері ашылған, және олардың барлығы сәулет өнерінің бірегей ескерткіштері болып есептеледі [17,18].

Сығанақ қалашығының атауы X ғасырдағы деректерде аталған. Сол дәуірлерде Орта Азия мемлекеттерінің иелері мен қазақ хандары арасындағы қызу күрес алаңына айналған Сығанақ қаласы сәулет ескерткіштерімен, солардың ең бірегейі - Көк-Кесене кесенесімен танымал болған.

Жанкент, немесе ежелгі Янгикент қалашығы XVIII ғасырлар кезінде құрылған. Жанкент тек оғыз билеушілерінің астанасы және резиденциясы ғана емес, сонымен қатар Сырдарияның төменгі ағысындағы ең ірі құрлық пен өзен саудасының орталығы болған.

Қазақстан Республикасының аумағында Жібек жолының Маңғыстау аймағы, Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан, осы табиғи кешендердің алуан түрлілігімен және климаттық, мәдени-тарихи жағдайлармен ерекшеленетін табиғи ландшафтында орналасқан (сурет 6).



Сурет 6. Қазақстан аумағындағы Жібек жолының Маңғышлақ аймағында ежелгі қалалардың орналасуы [1]

Қызылқала қалашығы IX-XV ғасырларға жатқызылады. Бастапқыда қала тек Орталық Азиядан ғана емес, Еуропадан келген жергілікті көшпелі тұрғындардың да, саудагерлердің де көренкі орталығы болды. Бұл қаланы уақыт өте келе көшпенділер басып алған [20].

Сарайшық қалашығы X-XVI ғасырларда құрылған қала болып есептеледі. Ол арқылы Еуропа елдерінен Үндістан, Иран және Қытай қалаларына дейін алып баратын ірі жол өтті. Сарайшық маңызды саяси орталық болған.

Сипатталған ежелгі қалалармен Ұлы жібек жолының қазақстандық бөлігіндегі қалалар және нысандардың тізімі аяқталды деу дұрыс емес. Жібек жолының Қазақстанға қалдырған тарихи-мәдени мұрасы, ескерткіштері мен бірегей орындары еліміздің туристік және экономикалық дамуында елеулі із қалдырары анық [19]. Сондықтан бұл нысандардың жүйеленген ақпараттық ресурсын құрудың өзектілігін түсінуге мүмкіндік береді. 1 кестеден Ұлы жібек жолының қазақстандық бөлігінің мәдени-тарихи мұра нысандарының көпшілігі қамтылған тізімін көруге болады.

Кесте 1. Қазақстан аумағындағы Жібек жолының аймақтары бойынша тарихи-мәдени объектілерінің тізімі.

Жетісу аймағы	Сырдария аймағы	Маңғышлақ аймағы
Каятық қалашығы; Талғар қалашығы; Карамерген қалашығы; Ақтөбе Степнинское қалашығы; Ақыртас археологиялық кешені; Өрнек қалашығы; Құлан қалашығы; Костөбе қалашығы.	Жуантөбе қалашығы; Қараспантөбе қалашығы; Борижары Қорымы. Күлтөбе қалашығы; Отырар оазисінің ескерткіштері; Түркістан қалашығы; Сидак қалашығы; Сауран қалашығы; Сығанақ қалашығы;	Жетіасар оазисінің ескерткіштері; Жанқала қалашығы; Жанкент қалашығы; Кескен күйік қалашығы Шірік-Рабат қалашығы; Бабиш-молда қалашықтары; Баланды қонысы.
		Қызылқала Қалашығы. Жайық Қалашығы; Сарайшық Қалашығы

(Ескерту – кесте дереккөз негізінде құрастырылды [1])



Берілген Жібек жолы бойындағы қалалар мен орындардың туристік тартымдылығы жеткілікті деңгейде екені айқын. Себебі Қазақстан Ұлы жібек жолында орналасқан, дүниежүзілік маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерге бай елдердің бірі. Әлемдік қауымдастық бұл жағдайға да көп көңіл бөледі. Бүгінде Ұлы жібек жолы көптеген мемлекеттердің күшімен қайта жандануда. Ұлы жібек жолы бүгінгі таңда әлемдегі ең тартымды туристік бағыттардың бірі және туризмнің бірнеше түрін дамыту мүмкіндігі бойынша бірегей магистраль болып саналады [21]. Көлік және ақпараттық коммуникациялардың, өнеркәсіптік өңдеудің, тауарлар мен қызметтердің халықаралық сауданы дамыту, сондай-ақ Азия мен Еуропа елдерінің интеграциялық процестерге белсенді қатысуы Ұлы жібек жолының екінші тыныс алуына жол ашты.

Тарихи магистраль бойындағы объектілерді қарастыра отырып, олардың сипаттамалары жан-жақты қамтылған мәліметтер базасын құру жолға қойылды. Аталған ақпараттық ресурсқа объектілердің атауынан бастап, қысқаша тарихы мен жалпы жағдайы, олардың тарихи мәні және қазіргі кездегі пайдалануына дейінгі ақпараттар енгізіледі. Сонымен бірге, туристік тұрғыдан объектілердің түрлі санатары бойынша статистикалық көрсеткіштері берілетін жүйелендірілген мәліметтер базасы негізінде карта құрастыру әрекеті жүзеге асырылады.

Ұлы жібек жолында туризмді ұйымдастыру әсіресе қазіргі кезде өзекті, өйткені ол Қазақстанға Еуропа мемлекеттері мен Жапония, Малайзия, Қытай, Корея сияқты елдердің мүдделеріне кіруге мүмкіндік береді. Ол үшін Ұлы жібек жолын Қазақстан маркасы ретінде автоматты түрде белгілейтін негізгі құндылықтарды зерделеу қажет. Мұндай туристік брендтің болуы Қазақстанның туристік өнімдерін дамытуға және ел аумағында туристік бағыттың тартымдылығын жасауға ықпал ететін болады. Сондықтан, Ұлы жібек жолы бойындағы туристік нысандар мен олардың қонақжайлылығын зерттеу маңызды серпіліс береді [22].

### Қорытынды

Жібек жолы мұрасының маңыздылығын жаһандану жағдайында қарқынды дамып келе жатқан әлемде кейбір мәдениеттермен бөлісетін мемлекеттер мен халықтар арасындағы ұзақ мерзімді өзара алмасуды және олардың арасындағы айырмашылықтарды құрметтеуді еске салу ретінде бағаламау керек. Жібек жолы соңғы бірнеше мыңжылдықтардағы қоғамаралық алмасулардың әртүрлілігі туралы идеяны жүзеге асыру ретінде миллиондаған адамдардың түсінігінде қалды [1,15].

Орталық Азиядағы «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинациясы жобасы елдердің өзара қарым-қатынасын көрсетуге, сондай-ақ адамзат этникалық, мәдени және рухани құндылықтардың жиынтығынан тұратынын мойындауға бағытталған. Бұл Жібек жолындағы бүгінгі елдер мен қоғамдарды қамтитын заманауи мәдениетаралық жобаның мәдени әртүрлілік пен тұрақты дамуға ықпал ететінінің мысалы деп есептеледі.

Ұлы жібек жолының қызмет етуінің нәтижесінде тарихта алғаш рет қарқынды және жүйелі әлемдік экономикалық байланыстар процесінде мәдениеттердің жақындасу үрдісі байқалды. Ұлы жібек жолының бүкіл бағыты бойынша мәдени құрамдастардың біртіндеп бірігуі үлкен жетістік болды [21].

Өзінің тарихи тамырларын түсінуге деген ұмтылыс, рухани мәдениеттің бастауларын іздеу, әлемдік рухани мәдениетке қатысу сезімі әлемнің көптеген елдерінің Ұлы жібек жолы феноменіне деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан жоспарланған іс-шаралар мен тұжырымдаманы кешенді іске асыру жалпы Оңтүстік Қазақстан аймағының экономикасын мамандандырудың туристік-сервистік түрін дамыту жолымен жаңа бәсекеге қабілетті жағдайға ауыстыруға мүмкіндігі бар [21]. Ортағасырлық қалалардың тарихи маңызын, мәдениеттік мәнін қазіргі қоғамға жете ұғындыру мақсатында түрлі зерттеулер жүргізіліп, олардың нәтижелері қоғамда қанағаттанарлық көзқарастар қалыптастыра алды.

**Қаржыландыру.** BR10965370 “Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерттеу” БМҚ ҚР БҒМ жобасы аясында қаржыландырылған.

## Әдебиеттер тізімі

1. Байпаков К. М. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Қазақстан, 1992. – 202 б.
2. Смагулов Е.А. Синие лотосы на туркестанском блюде // Памятники истории и культуры Казахстана. – 1986. - Вып. 2. - С. 48-50.
3. Ердаuletov C.P. Культурное наследие как предпосылка развития культурного туризма // Туризм и рекреация: фундаментальные и прикладные исследования. Культурно-образовательный туристский центр «Этномир».- 2014. – С. 28-32.
4. Савельева Т.В. Оседлая культура древних северных склонов Заилийского Алатау в VIII - XIII вв. – Алматы, 1994. – 216 с.
5. Зиняков Н. М. Исторические предпосылки образования и развития средневековых городов Семиречья и Южного Казахстана // Вестник Кемеровского государственного университета. - 2019. - Т. 21. - № 4. - С. 932-939. DOI: <https://doi.org/10.21603/2078-8975-2019-21-4-932-939>.
6. Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг. К. Средневековые города и поселения северо-восточного Жетысу. - Алматы, 2002. – 228 с.
7. Мартыненко И. Э. Понятие и состав культурного наследия Республики Казахстан // ЮРИСТ. Электрон. дан. – 2013. – №. 3. – С. 102-106.
8. Базаржапов В.Б.-М., Арьянов А.Д. Памятники истории и культуры как культурно-исторический феномен. Методическая разработка к лекции по курсу "Памятники истории и культуры и их охрана". - Улан-Удэ: Изд-во ВСГТУ, 2005. – 24 с.
9. Клир Г. Концепция серийной номинации Шёлкового пути в Центральной Азии и Китае. Душанбе, 2007. – 13 с.
10. Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Новые материалы по древней и средневековой истории. Труды института истории, археологии и этнографии Академии наук КазССР. – Алма-Ата, 1960. - Т.8. – С. 75-80.
11. Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. – Москва: Наука, 1977. – Т.9. – 675 с.
12. Воякин Д.А., Массанов М.Н. Результаты проекта ЮНЕСКО: Японского трастового фонда «Поддержка стандартов и процедур документирования серийной и транснациональной номинации Шелкового пути Всемирного наследия в Центральной Азии» 2011-2014 гг. [Электронный ресурс] – URL: <http://ru.unesco.kz/results-of-the-unesco-japanese-funds-in-trust-project-support-for-documentation-standards> (дата обращения 10.11.2022).
13. Агеева Е.И. Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии АН Каз. ССР. - Алма-Ата. – 1958. – С. 107-108.
14. Филатова Н. В., Бузина Л. М. Л., Айтуганова Н. Л. Влияние статуса объекта всемирного наследия на сам объект и его непосредственное окружение // Журнал института наследия. – 2019. – №. 2 (17). – С. 6-16.
15. Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.: Наука, 1964. – 214 с.
16. Сычева М. А. Руководство организации объединенных наций по выполнению «Конвенции об охране всемирного культурного и природного наследия» как инструктивный жанр // Казанская наука. – 2016. – №. 3. – С. 101-104.
17. Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. - Алматы, 2005. – 236 с.
18. Нурмуханбетов Б.Н., Бурнашева Р.З. Погребение с монетами из могильника Мардан: (Отрарский оазис) // Известия Академии наук КазССР: Серия общественных наук. – Алма-Ата, 1975. - № 5. - С. 28-35.
19. Подушкин А.Н. Новые памятники письменной культуры Южного Казахстана // Shygys. – Алматы, 2005. - №2. - С. 133-139.
20. Большаков О.Г. Город во второй половине XIII в. // Средневековый город Средней Азии. - Ленинград, 1973. - С. 307-309.

21. Ахметжанов Д., Алимжанова А. Ұлы жібек Жолы мәдениеттерінің өзара әсері // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – Алматы, 2019. – Т. 68. – №. 2. – С. 120-128.
22. Азаренко Ю. А. Культурное наследие Великого Шелкового пути // Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: История, филология. – Новосибирск, 2018. – Т. 17. – №. 10. – С. 177-179.

**А.Е. Молдагалиева<sup>1</sup>, А.А. Асылбекова<sup>2</sup>, С.Г. Төрбек<sup>3</sup>, А.С. Бейсембинова<sup>4</sup>, З.Е. Намазбаева<sup>5</sup>**

<sup>1,2,3,4</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>5</sup>Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

### **Актуальность создания реестра объектов культурно-исторического наследия казахстанской части Великого шелкового пути**

**Аннотация.** Великий шелковый путь, исторически являвшийся главной магистралью средневековья, сегодня становится предметом современных исследований. Историко-культурные памятники Великого шелкового пути с древних времен и до наших дней не утратили своего значения для Земли Казахстана. Казахская часть Великого шелкового пути имеет большое количество и разнообразие объектов культурно-исторического наследия, которые играют важную роль в культурном, духовном и туристском развитии общества. Однако можно считать, что до сих пор нет систематической информации о Великом шелковом пути на казахской земле. В статье излагаются актуальность и необходимость создания реестра культурно-исторических объектов вдоль исторической магистрали Великого шелкового пути в регионе Республики Казахстан. Объекты культурно-исторического наследия рассматриваются как одно из важнейших направлений на пути туристского развития страны до настоящего времени. Есть все основания полагать, что древние города и места вдоль Великого шелкового пути представляют собой совокупность объектов, которые сегодня требуют систематизированной информации.

**Ключевые слова:** Великий шелковый путь, реестр, культурно-исторический объект, туризм, туристское наследие.

**A.E. Moldagalieva<sup>1</sup>, A.A. Assylbekova<sup>2</sup>, S.G. Torebek<sup>3</sup>, A.S. Beisembinova<sup>4</sup>, Z.E. Namazbayeva<sup>5</sup>**

<sup>1,2,3,4</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>5</sup>Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

### **Relevance of creating a register of objects of cultural and historical heritage of the Kazakh part of the great silk road**

**Abstract.** The Great Silk Road, historically a major highway in the Middle Ages, is now the subject of modern research. Historical and cultural monuments along the Great Silk Road have not lost their significance for the land of Kazakhstan since ancient times and to this day. The Kazakh part of the Great Silk Road has a huge number and variety of objects of cultural and historical heritage, which play an important role in the cultural, spiritual, and tourist development of society. However, it can be assumed that there is still no systematic information about the Great Silk Road in Kazakh land. The article describes the relevance and necessity of creating a register of cultural and historical objects along the historical highway of the Great Silk Road in the region of the Republic of Kazakhstan. The objects of cultural and historical heritage are considered as one of the most important directions of the country's Tourist Development. There is a reason to believe that ancient cities and places along the Great Silk Road are a set of objects that need systematized information today.

**Keywords:** Great Silk Road, register, cultural and historical object, tourism, tourist heritage.

## References

1. Bajpakov K. M. Yly Zhibek zholy zhane ortagasyrlyk Kazakstan [The Great Silk Road and Medieval Kazakhstan] (Alma-Ata: Kazakstan, 1992, 202 p.). [in Kazakh]
2. Smagulov E.A. Sinie lotosy na turkestarskom bljude, Pamjatniki istorii i kul'tury Kazahstana [Blue lotuses on a Turkestan dish, Monuments of history and culture of Kazakhstan], 2, 48-50 (1986). [in Russian]
3. Erdavletov S.R. Kul'turnoe nasledie kak predposylka razvitija kul'turnogo turizma, Turizm i rekreacija: fundamental'nye i prikladnye issledovanija. Kul'turno-obrazovatel'nyj turistskij centr «Jetnomir» [Cultural heritage as a prerequisite for the development of cultural tourism, Tourism and recreation: fundamental and applied research. Cultural and educational tourist center "Ethnomir"], 28-32 (2014). [in Russian]
4. Savelyeva T.V. Osedlaja kul'tura drevnih severnyh sklonov Zailijskogo Alatau v VIII - XIII vv. [Settled culture of the ancient northern slopes of the Trans-Ili Alatau in the VIII - XIII centuries] (Almaty, 1994, 216 p.). [in Russian].
5. Zinjakov N. M. Istoricheskie predposylki obrazovanija i razvitija srednevekovyh gorodov Semirech'ja i Juzhnogo Kazahstana, Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta [Historical prerequisites for the formation and development of the medieval cities of Semirechie and South Kazakhstan, Bulletin of the Kemerovo State University], 21, 4, 932-939 (2019). DOI: <https://doi.org/10.21603/2078-8975-2019-21-4-932-939>. [in Russian].
6. Bajpakov K.M., Savel'eva T.V., Chang. K. Srednevekovye goroda i poselenija severo-vostochnogo Zhetysu [Medieval cities and settlements of northeastern Zhetysu] (Almaty, 2002, 228 p.). [in Russian]
7. Martynenko I. E. Ponyatie i sostav kul'turnogo naslediya Respubliki Kazahstan, YURIST. Elektron. Dan [The concept and composition of the cultural heritage of the Republic of Kazakhstan, JURIST. Electron], 3, 102-106 (2013). [in Russian].
8. Bazarzhapov V.B-M., Ar'yanov A.D. Pamyatniki istorii i kul'tury kak kul'turno-istoricheskij fenomen. Metodicheskaya razrabotka k lekcii po kursu "Pamyatniki istorii i kul'tury i ih ohrana" [Monuments of history and culture as a cultural and historical phenomenon. Methodological development for the lecture on the course "Monuments of history and culture and their protection"] (Ulan-Ude, 2005, 24 p.). [in Russian].
9. Klir G. Konceptiya serijnoj nominacii SHèlkovogo puti v Central'noj Azii i Kitae [The concept of the serial nomination of the Silk Road in Central Asia and China], (Dushanbe, 2007, 13 p.). [in Russian]
10. Volin S.L. Svedeniya arabskih istochnikov IX-XVI vv. o doline reki Talas i smezhnyh rajonah, Novye materialy po drevnej i srednevekovoj istorii. Trudy instituta istorii, arheologii i jetnografii Akademii nauk KazSSR [Information from Arabic sources of the 9th-16th centuries. about the valley of the Talas River and adjacent areas, New materials on ancient and medieval history. Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR], 8, 75-80 (1960). [in Russian]
11. Bartold V.V. Oчерк istorii Semirech'ya [Essay on the history of Semirechye] (Moscow, 1977, 9, 675 p.). [in Russian]
12. Voyakin D.A., Massanov M.N. Results of the UNESCO project: Japan Trust Fund "Support for standards and procedures for documenting the serial and transnational nomination of the Silk Road World Heritage in Central Asia" 2011-2014. [Electronic resource] - Available at: <http://ru.unesco.kz/results-of-the-unesco-japanese-funds-in-trust-project-support> (Accessed: 10.11.2022).
13. Ageeva E.I. Pacevich G.I. Iz istorii osedlyh poselenij i gorodov YUzhnogo Kazahstana, Trudy Instituta istorii, arheologii i ztnografii AN Kaz. SSR [From the history of settled settlements and cities of South Kazakhstan, Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of Kaz. SSR], 107-108 (1985) [in Russian]
14. Filatova N. V., Buzina L. M. L., Aituganova N. L. Vliyanie statusa ob'ekta vseмирного naslediya na sam ob'ekt i ego neposredstvennoe okruzenie, Zhurnal instituta naslediya [Influence of the status of a World Heritage Site on the object itself and its immediate environment, Journal of the Heritage Institute], 2 (17), 6-16 (2019). [in Russian]
15. Kljashtornyj S. G. Drevnetjurkskie runicheskie pamjatniki kak istochnik po istorii Srednej Azii

[Ancient Turkic runic monuments as a source on the history of Central Asia] (М.: Nauka, 1964, 214 p.). [in Russian]

16. Sycheva M. A. Rukovodstvo organizacii ob"edinennyh nacij po vypolneniyu «Konvencii ob ohrane vseмирного kul'turnogo i prirodного naslediya» kak instruktivnyj zhanr, Kazanskaya nauka [The United Nations Guidelines for the Implementation of the "Convention for the Protection of the World Cultural and Natural Heritage" as an instructive genre, Kazanskaya Nauka], 3, 101-104 (2016). [in Russian]

17. Bajpakov K.M., Smagulov E.A., Erzhigitova A.A. Rannesrednevekovye nekropoli YUzhного Kazahstana [Early medieval necropolises of South Kazakhstan] (Almaty, 2005, 236 p.). [in Russian]

18. Nurmuhambetov B.N., Burnasheva R.3. Pogrebenie s monetami iz mogil'nika Mardan: (Otrarskij oazis), Izvestiya Akademii nauk KazSSR: Seriya obshchestv. Nauk [Burial with coins from the Mardan burial ground: (Otrar oasis), Proceedings of the Academy of Sciences of the KazSSR: A series of social sciences], 5, 28-35 (1975). [in Russian]

19. Podushkin A.N. Novye pamyatniki pis'mennoj kul'tury YUzhного Kazahstana, Shygys [New monuments of the written culture of South Kazakhstan, Shygys], 2, 133-139 (2005). [in Russian]

20. Bol'shakov O.G. Gorod vo vtoroj polovine XIII v., Srednevekovyj gorod Srednej Azii [City in the second half of the 13th century, Medieval city of Central Asia], 307-309. (1973). [in Russian]

21. Akhmetzhanov D., Alimzhanova A. Yly ZHibek ZHoly madenietterinin ozara aseri, Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii [Mutual influence of cultures of the Great Silk Road, Bulletin KazNU. Series philosophy, culture and politics], 68, 2, 120-128 (2019). [in Kazakh]

22. Azarenko YU. A. Kul'turnoe nasledie Velikого SHelkovого puti, Vestnik Novosibirskого gosudarstvenного universiteta. Seriya: Istoriya, filologiya [Cultural legacy of the Great Silk Road, Bulletin of the Novosibirsk State University. Series: History, philology], 17, 10, 177-179 (2018). [in Russian]

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Moldagalieva A.E.* – Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, Department of Recreational Geography and Tourism, Al-Farabi Kazakh National University, 71, Al-Farabi str., Almaty, Kazakhstan.

*Assylbekova A.A.* – Ph.D., Acting Associate Professor, Head of the Department of Cartography and Geoinformatics, Al-Farabi Kazakh National University, 71, Al-Farabi str., Almaty, Kazakhstan.

*Torebek S.G.* – Master student in Tourism, Department of Recreational Geography and Tourism, Al-Farabi Kazakh National University, 71, Al-Farabi str., Almaty, Kazakhstan.

*Beisebinova A.S.* – Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, Department of Recreational Geography and Tourism, Al-Farabi Kazakh National University, 71, Al-Farabi str., Almaty, Kazakhstan.

*Namazbayeva Z.E.* - Senior lecturer of the scientific and educational department "Tourism", Narhoz University, str. Zhandosova 55, Almaty, Kazakhstan.

*Молдагалиева А.Е.* – кандидат географических наук, доцент, кафедра рекреационной географии и туризма, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, ул.Аль-Фараби 71, Алматы, Казахстан.

*Асылбекова А.А.* –PhD, и.о. доцента, заведующая кафедрой картографии и геоинформатики, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, ул.Аль-Фараби 71, Алматы, Казахстан.

*Төрбек С.Г.* – магистрант, кафедра рекреационной географии и туризма, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, ул.Аль-Фараби 71, Алматы, Казахстан.

*Бейсембинова А.С.* – кандидат географических наук, доцент кафедры рекреационной географии и туризма, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, ул.Аль-Фараби 71, Алматы, Казахстан.

*Намазбаева З.Е.* - Старший преподаватель научно-образовательной кафедры «Туризм», Нархоз Университет, ул. Жандосова 55, Алматы, Казахстан